

## 2010 жылға біржолғы талондардың бағаларын белгілеу туралы

### **Күшін жойған**

Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихатының 2010 жылғы 26 қаңтардағы N 223 шешімі. Қарағанды облысы Осакаров ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 03 ақпанда N 8-15-118 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты қолданылуы тоқтатылды (Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихаты аппаратының 2011 жылғы 20 сәуірдегі N 2-35/86 хатымен)

**Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты қолданылуы тоқтатылды (Қарағанды облысы Осакаров аудандық мәслихаты аппаратының 2011.04.20 N 2-35/86 хатымен).**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Заңының 36 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТИ:**

1. 2010 жылға қызметі ара-тұра сипатта болатын жеке тұлғаларға арналған біржолғы талонның бағасы белгіленсін (қосымша 1).

2. 2010 жылға базарда тауарларды сатумен, жұмыстарды орындаумен және қызмет көрсетумен айналысатын жеке тұлғаларға арналған біржолғы талонның бағасы белгіленсін (қосымша 2).

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудандық мәслихаттың ауданның бюджеттік саясаты мен әлеуметтік – экономикалық дамуы бойынша тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| хатшы     | Сессия    | төрағасы,   |
|-----------|-----------|-------------|
| 2010      | жылғы     | 26          |
| Осакаров  | аудандық  | қаңтардағы  |
| 27        | сессияның | мәслихаттың |
| 1 қосымша | N         | шешіміне    |

**2010 жылға қызметі ара-тұра сипатта болатын жеке тұлғаларға арналған біржолғы талондардың бағалары**

|     |   | Айлық есептік көрсеткіштен бір күндік талондардың бір күндік бағасы % |
|-----|---|---|
| 1.  | Бақша дақылдарын сату   | 13  |
| 2.  | Саяжай және үй жанында өсірілген тірі гүлдерді сату                                   | 10  |
| 3.  | Үй жанындағы ауыл шаруашылығы, бау, бау-бақша және саяжай участкерінің өнімдерін сату | 4   |
| 4.  | Газеттер мен журналдарды сату   | 7   |
| 5.  | Тұқым, сондай-ақ отырғызу материалдары (тікпе көшет, көшет)                           | 10  |
| 6.  | Жер участкерін өндеу бойынша жеке трактор иелерінің қызмет көрсетулері                | 24  |
| 7.  | Жануарлар мен құстардың азықтарын сату  | 10  |
| 8.  | Үй жануарлары мен құстарын бағу   | 3   |
| 9.  | Сыпырғыштарды сату  | 4   |
| 10. | Орман жиідектерін сату  | 4   |
| 11. | Бал сату  | 10  |
| 12. | Саңырауқұлақтарды сату  | 4   |
| 13. | Балық сату  | 7   |

2010 жылғы 26 қантардағы  
Осакаров аудандық мәслихатының  
27 сессиясының N 223 шешіміне  
2 косымша

2010 жылға базарларда тауарларды сатумен, жұмыстарды орындаумен және қызмет көрсетумен айналысатын жеке тұлғаларға арналған біржолғы талондардың бағалары

| Базардың атаяу               | Мамандандыру | Сауда орнының түрі | Сауда орнының көлемі шаршы метр | Айлық есептік көрсеткіштен 1 шаршы метр алымының мөлшерлемесінің көлемі % |
|------------------------------|--------------|--------------------|---------------------------------|---|
| 1                            | 2            | 3                  | 4                               | 5   |
| Осакаров ауданының базарлары | Азық-тұлік   | Ет сату орны       | 6,3                             | 3,5   |
|                              |              | Азық-тұлік         | 8,19                            | 1   |
|                              | Өнеркәсіп    | Сөреден            | 13,64                           | 2,5   |
|                              |              | Колдан             | 1,5                             | 2,5   |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК